



АТҚАРУ КОМИТЕТІ

ИСПОЛНИТЕЛЬНЫЙ КОМИТЕТ

ҚАУЛЫ ПОСТАНОВЛЕНИЕ

09.07.2026 жыл

№ 10, 4-т.

2025 жылғы оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім салаларындағы кәсіптік одақ мүшелерін құқықтық қорғау жөніндегі жұмыстың қорытындылары туралы.

Орталық кәсіподақ комитеті аппаратының құқықтық жұмыс, әлеуметтік әріптестік, еңбекті қорғау және қауіпсіздік бөлімінің басшысы Р. М. Кидирбаеваның «2025 жылғы оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім салаларындағы кәсіптік одақ мүшелерін құқықтық қорғау жөніндегі жұмыстың қорытындылары туралы» ақпаратын тыңдап, талқылағаннан кейін Атқару комитеті **атап өтеді:**

2025 жылы Кәсіподақтың барлық құрылымдарының қызметі 2024-2029 жылдарға арналған Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағы қызметінің бағдарламасында қойылған қызметкерлерді құқықтық қорғауды күшейту жөніндегі міндеттерді іске асыруға бағытталды.

Құқықтық қызмет кәсіподақ мүшелерінің еңбек, әлеуметтік-экономикалық құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау бойынша мақсатты жұмыс жүргізді.

2026 жылғы 1 қаңтарға штаттағы кәсіподақ заңгерлерінің саны 46 құрайды.

Есепті жылы барлығы кәсіподақ мүшелерінің **36 633** өтініші қаралды (2024 жылы 34 201), бұл өткен жылмен салыстырғанда **7,1%** -ға артты. Өтініштердің басым бөлігі еңбекке ақы төлеумен - **13 591** (13 382), еңбек және ұжымдық шарттар талаптарын орындамаумен - **3 335** (2 753) байланысты.

Қызметкерлерге жеке еңбек дауларын келісу комиссияларында **534** (717) жағдайда, соттарда **89** (52) жағдайда қарауға құқықтық көмек көрсетілді.

Құқықтық қызметтің көмегімен есепті жылы заңсыз жұмыстан босатылған 41 кәсіподақ мүшесі жұмысқа қайта орналастырылды.

2025 жылы еңбек заңнамасының орындалуын қоғамдық бақылау шеңберінде **4 030** тексеру жүргізілді. Бақылау жүргізу барысында **6 631** еңбек заңнамасын бұзу анықталды. Оның ішінде **1 466** (22,1%) еңбекақы төлеу бөлігінде, **947** (14,2%) жұмыс уақыты мен демалыс уақыты режимінде, **2 160** (32,5%) еңбек қатынастарын рәсімдеу бойынша, **2 058** (31%) өзге де бұзушылықтар.

Қостанай (- 0%), Абай (- 6,4%), Жетісу (- 1,5%), Түркістан (- 2,1%) облыстарының ұйымдарында қоғамдық бақылауды қамту төмен қалып отыр.

*Кәсіподақ мүшелеріне заңсыз ұсталған немесе төленбеген қайтарылған ақшалай қаражаттың жалпы мөлшері есепті жылы **1 595 673 057** теңгені құрады.*

*Құқықтық қызмет жұмысының экономикалық тиімділігі - **4 548 862 488** теңге.*

Орталық комитет пен мүшелік ұйымдардың кәсіподақ заңгерлері 2025 жылы құқықтық мәселелер бойынша 88 әдістемелік ұсынымдар әзірледі.

Атқару комитеті **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Кәсіподақ Орталық комитеті аппаратының құқықтық жұмыс, әлеуметтік әріптестік, еңбекті қорғау және еңбек қауіпсіздігі бөлімінің басшысы Р.М. Кидирбаеваның «Кәсіподақтың 2025 жылғы құқықтық қорғауды және әлеуметтік әріптестікті ұйымдастыру жұмыстарының қорытындылары туралы» ақпараты назарға алынсын.

2. Кәсіподақтың мүшелік ұйымдарының басшы органдары:

- құқық қорғау қызметін одан әрі жетілдіруді және кәсіподақ мүшелеріне құқықтық көмек көрсету сапасын арттыруды қамтамасыз ету;

- еңбек қатынастарын рәсімдеу, еңбекақы төлеу, еңбек және ұжымдық шарттардың талаптарын сақтау, жұмыс уақыты мен демалыс уақытының режимі мәселелеріне ерекше назар аудара отырып, еңбек заңнамасының сақталуына қоғамдық бақылауды күшейту;

- білім беру ұйымдарын қоғамдық бақылаумен қамтуды ұлғайту жөнінде шаралар қабылдау;

- кәсіподақ ресурстары мен Кәсіподақ сайты арқылы құқық қорғау жұмысын жария етуді қамтамасыз ету;

- құқық қорғау қызметінің оң тәжірибесін жинақтауды және енгізуді қамтамасыз ету;

- кәсіподақ мүшелеріне заңгерлік қызмет көрсету мүмкіндіктерін кеңейту мақсатында құқықтық қызмет жұмысына жасанды интеллектті (ЖИ) белсенді енгізу бөлігінде Кәсіподақтың басшы органдары қаулыларының орындалуын қамтамасыз ету.

3. Орталық комитет аппаратының Құқықтық жұмыс, әлеуметтік әріптестік, еңбекті қорғау және еңбек қауіпсіздігі бөлімі:

- тиісті уәкілетті мемлекеттік органдардың жұмыс топтарының құрамында оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім салалары қызметкерлерінің еңбек және әлеуметтік-экономикалық құқықтарын қозғайтын ведомстволық

нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу бойынша Кәсіподақ өкілдерінің қатысуын қамтамасыз ету;

- еңбек заңнамасының өзекті өзгерістері бойынша ақпараттық материалдарды үнемі дайындап, Кәсіподақтың мүшелік ұйымдарына жіберу;

- кәсіподақ активінің құқықтық сауаттылығын арттыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдар әзірлеуді және іс-шаралар өткізуді жалғастыру.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Кәсіподақ төрағасының орынбасары В.Ф. Беженаровқа жүктелсін.

Төраға



А. Мұқашева